



№17-18  
(2188-2189)  
Сәрсенбі  
28 ақпан  
2023 жыл

Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

# ТІҒРАТЖ - ҚАЗАЛЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестер!

Берекесі мен бірлігі жарасқан барша Қазалы жұртшылығын шуақты көктемнің ең алғашқы мерекесі - «Алғыс айту күнімен» шын жүректен құттықтаймын!

Алғыс айту күні – тіршілік атауы жанданып, жер-дүние жаңаратын, ұлттық ынтымақтастық пен жерлестердің бір-біріне деген мейірімділігін, достығы мен сүйіспеншілігін көрсететін ерекше күн.

Бүгін барша қазақ халқы бір-біріне деген риясыз көңілін білдіруде. Әр адамның айналасындағы адамдарға деген ізгі ниеті мен мен жүрек жылуы бұл бір күннің ғана емес, барша ғұмырымыздың басты қағидатына айналуы тиіс.

Ардақты ағайын!

Қасиетті Қазалы ауданы бүгінде бірлігі нығайған, татулық пен келісімнің бірегей үлгісін қалыптастырып, болашағына деген нық сеніммен қадам басқан киелі мекенге айнала білді.

Ауданымызда да өміршең өзгерістер мен игілікті істер атқарылуда. Әрине мұның барлығы ынтымақ пен бірліктің, ауызбіршіліктің арқасында деп білемін.

Баршаңызды бүгінгі мерекемен құттықтай отырып, әр отбасыға бақ-береке, бейбіт өмір және табыс тілеймін!

Әрбір шаңырақта шаттық шалқып, бірліктің бесігі тербелген берекесі таси берсін!

Мереке құтты болсын! Баршаңызға мың алғыс!

**Ізгі ниетпен,**

**Қазалы ауданының әкімі**

**Мейрамбек ШЕРМАҒАНБЕТ**

## ЕЛ ДАМУЫНА ЕҢБЕК СІҢІРГЕН АЗАМАТҚА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



«Қазалы несие» ЖШС басқарма төрағасы, мұнан бөлек Қазалы аудандық Кеңесінің депутаты, аудандық партияның бюро мүшесі, облыстық партия комитетінің мүшелігіне сайланып, IV, V, VI шақырылған Қазалы аудандық мәслихатының депутаты қызметтерін атқарған.

Қазалы ауданының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Қасқырбай Әлімбайұлының «Қазалы несие» ЖШС басқарма төрағасы қызметін аяқтауына байланысты арнайы жиын өтті.

Басқосуда аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет ғибратты ғұмырында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосып, абыройлы қызмет еткен Қасқырбай Әлімбайұлының иығына шапан жауып, құрмет көрсетті.

Жиында аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш сөз алып, қажырлы еңбек пен берекелі бейнеттің зейнетін көріп отырған азаматқа шынайы алғысын жеткізді.

Қасқырбай Әлімбайұлы – еңбек жолын 1965 жылы Энгельс атындағы совхозда жұмысшы-механизатор болып бастап, аудандық Агроөнеркәсіп бірлестігінің төрағасы, Қазалы аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, «Жалаңтөс батыр» ЖШС директоры,

## «НЕВАДА-СЕМЕЙ» АНТИЯДРОЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 35 ЖЫЛ



Әйтеке би кенттік Мәдениет үйінде ядролық апатқа қарсы халықаралық «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының құрылғанына 35 жыл толуына орай салтанатты шара өтті.

Алдымен шараға қатысушылар «Жеңіс» саябағындағы «Невада-Семей» халықаралық қозғалысына қойылған ескерткіш белгіге гүл

шоқтарын қойып, Семей сынақ алаңында әскери борышын өтеп қаза тапқан ардагерлерге құрметпен тағзым етіп, құран бағыштады.

Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов сөз сөйлеп, «Невада-Семей» халықаралық қозғалысының құрылғанына 35 жыл толу мерейтойымен құттықтады. Сонымен қатар



сынақ алаңында әскери борышын өтеген ардагерлерді «Невада-Семей» антиядролық жарылысқа қарсы халықаралық қозғалысының 35 жылдығы» медалімен марапаттады.

Марапаттау рәсімінен кейін «Невада-Семей» қоғамдық бірлестігінің Қазалы ауданындағы өкілі, ардагер Өмірбек Күлімбетов сөз алып, ел

тарихындағы жасалған бұл қадамның маңызына тоқталды. Сондай-ақ Семей полигонының ардагерлеріне үнемі қолдау білдіріп жүрген азаматтарға шынайы алғысын жеткізді.

Шара соңы концерттік бағдарламаға ұласып аудан өнерпаздары ардагерлерге арнап патриоттық тақырыптағы өндер орындады.

## АУДАНДА БАСТАЛҒАН ӘРБІР ЖОБА НӘТИЖЕЛІ АЯҚТАЛУЫ ТИІС

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілістен кейін аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет мәжілісте берілген тапсырмаларды нақтылау бойынша арнайы жиын өткізді.

Жиында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында «Ауыл аманаты» жобасын ауданда жүзеге асыруға қатысты бірқатар өзекті мәселелер қаралды.

Басқосуда аудан басшысы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында Абай, Бозкөл, Кәукей ауылдарында салынған дәрігерлік амбулатория құрылыстарында орын алған кемшіліктерді қайта қалпына келтіру жұмыстарын шұғыл жүргізу қажеттігін айтты. Сондай-ақ Қазалы аудандық көпбейінді аурухана ғимаратына 46 төсекке арналған қосымша блок қосу арқылы қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілетінін айтып, бұл жұмыстарды да сапалы әрі өз мерзімінде аяқтауға керектігін жеткізді.

Сонымен қатар, екінші мәселе «Ауыл аманаты» жобасын әрбір ауылда жүзеге асырып, өнім өндіруді арттыру, әсіресе, ауыл шаруашылығы саласындағы

ірі жобаларды несиелендіру бағытында бірлесе жұмыс жасап, ауылдық жерлерде бау-бақша өнімдерін өсіруде және жылыжай мәселесін қолға алуды тапсырды. Бұдан бөлек, ауданда басталған әрбір жобаның өз мерзімінде нәтижелі аяқталуына жұмыс істеу керектігін айтты.

Жиында күн тәртібіндегі мәселелерден бөлек жылу беру маусымының өту барысы қосымша қаралып, аудан орталығы мен ауылдардағы әлеуметтік нысандардың жылу желісін газға ауыстыру мәселесі қаралды.

Мейрамбек Зинабдинұлы бұл ретте көмір қорының жеткілікті болуы, әлеуметтік нысандардың қазандықтарын қайта жаңғырту, тұрғындарды коммуналдық қызметтермен үздіксіз қамтамасыз ету, ажыратуларды болдырмау, алдын алу шараларын қабылдау өте маңызды екенін айтып, бұл бағыттағы жұмыстарды күшейтуді тапсырды.

Мұнымен қоса, өрт қауіпсіздігі мәселесін де тілге тиек етіп, аудандық төтенше жағдайлар



бөлімінің бастығына кент, қала және ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп тұрғындарға сақтық шараларын түсіндіру жұмыстарын ұдайы жүргізу керектігін жеткізді.

Аудан басшысы жиын барысында орта және шағын бизнесті дамыту, аудан орталығы мен ауылдық елді мекендерді көркейту-көгалдандыру, аббаттандыру жұмыстарын жүргізу,

түрлі құқықбұзушылықтардың алдын-алу, тозығы жеткен электр желілерін қайта жаңғырту сынды халықтың әл-ауқатын көтеру бағытындағы бірқатар өзекті мәселелерді қозғап, оларды шешу жолында аянбай жұмыс істеуге шақырды.

**Қазалы ауданы әкімдігінің  
баспасөз қызметі**

## АУДАН ӘКІМІ ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІН АРАЛАДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет Әйтеке би кентіндегі бірқатар нысандарды аралады.

Алдымен Жанқожа баба кесенесіне барып, баба рухына арнап Құран бағыштап Жанқожа Нұрмұхамедұлы ескерткіші алаңын абаттандыру жобасымен танысты.

Мұнан соң Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығындағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 600 орындық мектеп құрылысы жүргізілетін жер учаскесін көрді.

Сондай-ақ, Жалаңтөс баһадүр атындағы алаңға барып, Әйтеке би кенті әкіміне алаңның қоршауларын ретке келтіріп, қайта жөндеу жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Мейрамбек Зинабдинұлы бұдан әрі Орталық алаң, «Жеңіс» саябағы, Әйтеке



би кенттік Мәдениет үйі ғимараты, Теміржол вокзалы, Оқушылар үйі, Жалаңтөс батыр атындағы орталық стадион мен саябақты көрді.

Әйтеке би кенті әкіміне тұрғындардың көп шоғырланып, бос уақыттарын тиімді өткізетін саябақтар мен алаңдарды ретке келтіріп, тазалыққа аса мән беру керектігін жеткізді.

Әйтеке би кентіндегі орталық көшелерді аралаған аудан басшысы кент әкіміне көше бойындағы істен шыққан жарықшамдарды шұғыл ретке келтіріп, жеке тұрғын үйлер мен кәсіпкерлік нысан иелеріне тазалық жұмыстарын үнемі жүргізуді ескертіп, ағаш түптерін балақтау, әктеу, көлік қозғалысына кедергі келтіріп тұрған бағаналарды жылжытып, оларды сырлау жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

## «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



Қазалы ауданы бойынша «Жайлы мектеп» жобасы аясында 2 мектептің құрылысын салу жоспарланған болатын. Соның бірі Жанқожа батыр аулындағы құрылысы қарқынды жүргізіліп жатқан 300 орындық мектеп.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет Жанқожа батыр аулына арнайы барып, құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.

Қазіргі таңда жаңа білім ордасының бірінші қабатының кірпішін өру жұмыстары аяқталуға жақын. Құрылыс барысын көрген аудан басшысы аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы мен мердігер мекеме жауапты қызметкеріне құрылыс жұмыстарын сапалы әрі уақытылы жүргізілуін қадағалауды тапсырды.

Білім ордасының

құрылысы толықтай аяқталғаннан кейін «Жайлы мектеп» жаңа модификацияланған кабинеттермен жабдықталады. Сондай-ақ оқушылардың сапалы білім алуына толық жағдай жасалып, жоғары және бірінші санатты мұғалімдер құрамының пайыздық үлесін, педагогикалық қызметкерлердің біліктіліктерін арттыруға барлық жағдай жасалады.

## АУДАН БАСШЫСЫ АУЫЛ ӘКІМДЕРІН ҚАБЫЛДАУДА



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет аудан орталығынан шалғай орналасқан ауылдық округ әкімдерін қабылдады.

Қабылдауда ауылдық елді мекендердегі кәсіпкерлікті дамыту, төртінші деңгейлі бюджеттің атқарылуы, мемлекеттік бағдарламалардың аясында ауылдардағы атқарылып жатырған шаралар мен ауылды абаттандыру, көркейту және басқа да белгіленген жоспарлардың орындалу көрсеткіштері жайында мәселелер қаралды.

Бүгінгі қабылдауға Қызылқұм, Тасарық, Сарбұлақ, Шәкен, Бозкөл

ауылдық округ әкімдері осы кезеңге дейін атқарылған жұмыстары мен алдағы жоспарлары жайлы бөлісті.

Аудан басшысы ауылдық елді мекендердің даму ерекшеліктеріне сәйкес басым бағыттарды айқындауды тапсырды.

Сонымен қатар, барлық ауылдық округ әкімдері орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту бағытында жұмыстарды жандандырып, ауылдық елді мекендерді дамытудың өзге де салаларына баса назар аударып, тиісті шаралар қабылдауды жеткізді.

**Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі**

## АУДАН ӘКІМІ АРДАГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



Аудандық ардагерлер үйінде аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет ардагерлермен жүздесіп, ауданның тыныс-тіршілігі мен елдегі болып жатқан ахуал жайлы пікір алмасты.

Сондай-ақ, ардагерлерге өңіріміздің өсіп-өркендеуіне қосқан елеулі үлестері мен өлшеусіз еңбектері үшін ризашылығын

білдіріп, шынайы алғысын жеткізді.

Жиында сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов елдегі жағдайды баяндап, аудан әкімінің алдағы жұмысына сәттілік тіледі. Сонымен қатар, жиында еңбек ардагері Ашықбай Тоғымов ауданда атқарылған игі істердің барлығына ардагерлер тарапынан қолдау білдіретіндігін жеткізді.

Кездесу соңында Мейрамбек Зинабдинұлы «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» дей келе, қазыналы қарттардың ауданда атқарылған әрбір жұмыста еңбегінің зор екендігін атап өтті.

Мұнан соң аудан басшысы ардагерлермен бірге ардагерлер үйінің жұмысын көріп, құрметті ардагерлер, елге еңбегі сіңген азаматтармен қазыналы қарттардың құрметіне орай жасалған ардагерлер аллеясымен танысты.

## ГАЗЕТ – АҚПАРАТ ЖАРШЫСЫ

Газет-ертеден келе жатқан, барлық мәліметтер мен керекті қызық дүниелерді оқуға арналған ақпараттық құрал. Газет – сауаттылық пен саналылықтың негізі. Ол шежірені, өткен тарихты сақтаудың бір тәсілі. Газет – тұнған тарих, құнды құжат. Газет беттері сарғайса да, сол сарғайған парақтардан өзіміздің өткен тарихымызды біле аламыз.

Қазіргі уақытта ғаламтор желісі дамыған қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Көптеген адам жұмысбастылықпен газет-журналдарға аса қатты мән бере бермейді. Себебі, қажет деген дүниенің ғаламтор желісінен табуға мүмкіндік жасалған. Бірақ айта кететін жағдай ғаламтор желісіндегі мәліметтер толық түрде қарастырылмаған. Газет мақалалары интернет желісіндегі мақалаларға

қарағанда ауқымдырақ, салмақты түрде жазылады. Қазіргі қоғамда «газеттің енді керегі жоқ, оның дәуірі өтті» деп керітартпа пікір білдіретіндер де аз емес. Мұндай немқұрайлылық тек біздің елімізде қалыптасқан пікір сияқты. Себебі, басқа алпауыт елдерді алып қарасақ қағаз түріндегі басылымдар тұрақты түрде шығады.

Ғаламтор желісі қаншалықты дамыса да газет – журнал адамға қажет. Газет ойлау қабілеті жағынан да, жазу үлгісі жағынан да сауаттылықты арттырады. Әлі де қоғамда газет оқитын көзі ашық, сауатты адамдар жетерлік. Сондықтан газет қазіргі қоғамға өте қажет ақпарат жаршысы болып қала бермек.

**Ұлпан ЖӘДИГЕРҚЫЗЫ, «Тұран-Қазалы»**

● Хабарландыру

**Қазалы ауданы әкімінің 2024 жылғы «\_\_» ақпандағы №\_\_ өкіміне қосымша**  
**Қазалы ауданы әкімінің, Қазалы ауданы әкімінің орынбасарларының, Қазалы ауданы әкімінің аппараты басшысының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі**

| Аты жөні, әкесінің аты               | Лауазымы                          | Қабылдау күні               | Уақыты                             |
|--------------------------------------|-----------------------------------|-----------------------------|------------------------------------|
| Шермағанбет Мейрамбек<br>Зинабдинұлы | Аудан әкімі                       | Әр аптаның<br>жұма күні     | Сағат 16.00 ден-18.00-<br>ге дейін |
| Назымбеков Күнтілес<br>Айдарбекұлы   | Аудан әкімінің<br>орынбасары      | Әр аптаның<br>сейсенбі күні | Сағат 16.00 ден-18.00-<br>ге дейін |
| Сүйеубаев Жалғас<br>Оңғарұлы         | Аудан әкімінің<br>орынбасары      | Әр аптаның<br>сәрсенбі күні | Сағат 16.00 ден-18.00-<br>ге дейін |
| Тілеумбетов Дәурен<br>Оңғарбайұлы    | Аудан әкімінің<br>орынбасары      | Әр аптаның<br>бейсенбі күні | Сағат 16.00 ден-18.00-<br>ге дейін |
| Тілеп Ринат Ибайдуллаұлы             | Аудан әкімінің<br>аппарат басшысы | Әр аптаның<br>дүйсенбі күні | Сағат 16.00 ден-18.00-<br>ге дейін |

2024 жылдың 5 наурыз күні сағат 11:00-де аудандық мәслихаттың кезектен тыс XVI сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1. «Қазалы ауданы әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссия құрамын бекіту туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №121 шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

2. «Қазалы ауданы әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 сәуірдегі №49 шешіміне өзгерістер енгізу туралы. Сағат 10:30-да аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Сонымен бірге, сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың кезектен тыс XVII сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде «2024-2026 жылдарға арналған аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ бюджеттері туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралады. Сағат 15:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

**Қазалы аудандық мәслихатының аппараты**



## «АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ» – МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

1950 жылдың 27 ақпан күні БҰҰ қарарында «Халықаралық үкіметтік емес ұйым» ұғымы енгізілді. Бұл ұғым адамзат үшін маңызды міндеттерді шешудегі азаматтық қоғамның рөлін тануды білдіреді және осы дата Дүниежүзілік YEҰ күні ретінде аталып өтуде. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін YEҰ саласындағы барша әріптестерімді мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын.

Мен басшылық жа-сайтын YEҰ, яғни Қазалы ауданында орналасқан «Шапағат» мүгедек балалар-ды сауықтандыру орталығы, қоғамдық қор ретінде 1995 жылы құрылды. Сол жыл-дары халық арасында YEҰ жұмысына деген сенімісіздік, болашағына деген күмән

көп болатын. Ұйымның белгілі бір қоғамдық пай-далы мәселелерді шешу мақсатында өз идеяла-рын жүзеге асыру үшін құрылатындығын халық кейін келе түсінді.

Араға 30 жылға жуық уақыт сала біз, яғни «шапағаттықтар» белсенді YEҰ-ға айналдық. Қазіргі уақытта біз мем-лекет, бизнес-құрылым, халықаралық қорлармен бірлесе отырып, аудандағы мүгедектігі бар балалар мен жастарды өмірге бейімдеу мақсатында 60-тан аса әлеуметтік маңызы бар жоба-ны іске асырдық. Әрине, бұл ең бірінші кезекте орталық қызметкерлерінің ерен еңбегі. Жауапкершілігі қатты, жұмысы қиыншылыққа толы қызметті өзімен бірге алып келе

жатқан ұжымдастарым кез келген мақтауға, мақтануға тұрарлық. Әлеуметтік жоба - ортақ мәселені шешуде командалық қызығушылықтан туындайды және ол үлкен жауапкершілікпен орындалуы тиіс. Сонда ғана жоба нақты бір нәтижеге қол жеткізеді.

2020 жылы «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ас-социациясы» ЗТБ-сы жаңа форматта қайтадан құрылды. Облыстағы белсенді YEҰ мүшелерінің қолдауымен оның төрайымы болып А.Ж.Ізден тағайындалды. Сол жылы барлық аудандарда Азаматтық Альянс өкілдіктері сайланды. Мен Қазалы аудан-ы бойынша Альянс өкілі және сапаршысы қызметін қоса атқарамын.

Азаматтық Альянс мемле-кеттен қаржы алмаса да, оның офисі жүйелі түрде жұмыс істеп келеді. Мемлекеттік сатып алу, YEҰ дерекқорын тапсыруға көмек көрсету, онлайн сабақтар ұйымдастыру бары-сында Альянсы қызметкерлері YEҰ саласы қызметкерлеріне ұдайы қол ұшын созып, тегін көмек көрсетіп келеді.

Алдағы жылдарға Альянсы тарапынан жоспар-лар көп. Ауылдық жергілікті қауымдастықтардың жұмысын дамыту, экологиялық YEҰ-дардың белсенділігін артты-ру және мемлекеттік тапсы-рыс аясында YEҰ жүргізілген жобаларды зерделеу және тағы басқалар. Мемлекет тарапынан құрылған түрлі кеңестер мүшелігіне YEҰ мүшелерін кіргізу бағытында

да Азаматтық Альянстың үлесі көп. Бұл бағытта облыстық, аудандық әкімшілікпен бірлесе отырып, мемлекет тарапы-нан құрылған кеңестер және олардың мүшелеріне көптеген YEҰ өкілдері тартылды. Алда жоспар көп, мақсат айқын.

Барша YEҰ сала-сы қызметкерлерін тағы да мерейлі мерекесімен құттықтай отырып, «үшінші сектор» аталатын ұйымдарға елдегі әлеуметтік-саяси процестерді одан әрі демократияландыруға оң ықпал жасап, еліміздің болашағы үшін тың бастама-лар, бірлесе шешетін өткір мәселелер көп болсын дегім келеді.

**Ш.ЖЕҢСІКБАЕВА,**  
**«Шапағат» МБСО, ҚҚ президенті**

### ТҰМАУДАН САҚТАНАЙЫҚ!!!

Жедел респираторлық вирусты жұқпалар мен тұмау – жоғарғы тыныс жолдарының жұқпалы жедел вирустық ауруы.

Тұмау жұқпасының таратушы көзі-науқас адам. Тұмау вирустары адамның тыныс жол-дарында, мұрын қуысында, өңешінде өсіп-өніп көбейеді. Қоздырғыштар ауа арқылы тез тарай-ды, науқас адамнан сау адамға жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде, сонымен қатар науқас адамның пайдаланған заттары (ыдысы, сүлгісі, қол орамалы, кітабы, есік тұтқасы және т.б.) арқылы жұғады.

Аурудың жасырын кезеңі өте қысқа. Ви-рус ағзаға түскен кезден бастап, аурудың алғашқы белгілері білінгенге дейін 24-48 сағат қана өтеді. Тұмау басталғаннан кейін 3-4 тәулік ішінде аса қауіпті әрі жұқпалы бо-лады. Сондықтан ауырған адамның үйде жа-тып емделгені, не дәрігерді үйге шақырғаны дұрыс.

Тұмаудың негізгі белгілері: ауру шұғыл ба-сталады, дене қызуы 39 градусқа және одан да жоғары көтеріледі, дене түршігіп, бас және бұлшық еттер ауырады, жалпы әлсіздік, көзі жасаурап, қызарады.

Аурудың қауіптілігі аурудан кейінгі асқыну жағдайлары. Сонымен қатар тұмау ауруы 2 жасқа дейінгі балалар, қарттар, созылмалы аурумен ауыратын науқастар арасында ауыр түрде өтеді. Ал екіқабат әйелдің тұмаумен ауруы өте қауіпті.

Тұмау ауруынан сақтанудың ең тиімді шараларының бірі - тұмау ауруына қарсы вакцина ектіру. Тұмаудың өріс алуы кезеңі алдында халықтың неғұрлым осал топ-тарына (60 жастан асқан адамдар, созыл-малы өкпе, жүрек-қан тамыры аурулары, иммундық жетіспеушілігі бар ересектер мен балалар, әлсіз және жиі ауыратын балалар, жүкті әйелдер) және медицина қызметкерлеріне тұмауға қарсы егу шарасы жүргізіледі. Тұмауға қарсы егілгендер арасында ауру жеңіл өтеді, асқыну мен өлім жітім жағдайлары азаяды.

Сонымен қатар науқас және оны қоршаған адамдар тұмаудың жұғу жолдарының ең қарапайым алдын алу шараларын білуі тиіс. Науқасқа күтім жүргізгенде маска тағу, қолды жиі жуу, бөлек сүлгі пайдалауды қадағалаған жөн. Науқас жатқан бөлмені желдетіп, ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу маңызды.

Өздеріңізге жақын адамдарға қауіп тудырмаңыз. Ауырып тұрсаңыздар балалары, екіқабат әйелдері, қарт кісілері бар үйлерге, көпшілік жиналатын орындарға бармауға тырысыңыз.

Сырқаттанушылықтың көтерілу кезеңінде мектепке дейінгі балалар ұйымдарына, мек-тептерге, мектеп интернаттарына тұмаумен ауырған балалар мен қызметкерлері ара-сында бақылауды күшейтіп, оқшаулауы және балабақшаларда таңертеңгілік балалардың мұрын –жұтқыншақ аймағын қарап, дене қызуын өлшеу, ауырған балалар мен ересектерді дереу оқшаулауды қамтамасыз ету, ойын-сауық және көпшілік іс шаралар-ды шектеу, сынып бөлмелерін ер сабақтан кейін желдету және күнделікті ылғалды тазалық жұмыстарының сапасын және жиілігін артты-руы қадағалануы тиіс.

Тұмаудың алғашқы белгілері пайда болған кезде үйде қалып, дереу дәрігер шақыртыңыз.

**Гүлзат ЖҰБАНДЫҚОВА,**  
**Қазалы аудандық**  
**санитариялық-эпидемиологиялық**  
**бақылау басқармасының**  
**бөлім басшысы**

### СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БІРГЕ КҮРЕСЕЙІК!

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ша-ралары елімізде жан-жақты жүргізіліп жатыр. Сыбайлас жемқорлықты жою және оны-мен күресу – бүгінгі күннің басты талабы болып отыр. Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып отыр.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміздің өзі – мемлекеттік функцияларды жүзеге асы-ратын адамдар, сондай-ақ оларға теңестірілген адам-дар өздерінің қызметтік өкілеттіктері мен байланысты мүмкіндіктерін пайдалану. Бұл қоғамның дамуына кері әсерін тигізуде.

Мемлекеттік қызметте отырған кез келген адам ең алдымен мемлекетіне, өз еліне адал қызмет етемін де-ген түсінікті санасына мықтап құюы шарт.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен са-пасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану

керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Қызылорда облысы филиалының Қазалы ауданы «Ұлттық сараптама Орталығы» бөлімшесінің іс-шаралар жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлықтың ал-дын-алу, оған жол бермеу мақсатында бөлімше де арыз, өтінішпен келушілерге орталықтың ғимаратының бірінші қабатында арна-улы бөлме қарастырылып, жабдықталып, ақпараттық құралдармен қамтамасыз етілген.Құқық бұзушылықтың алдын алуда мекеменің кіре берісінде және зертхана-ларда бақылау режимі (бейне камера) орнатылған, барлық ақылы түрде көрсетілетін қызметтердің баға тізбесі ілінген, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері уақытылы және сапалы қаралуы қадағаланып, өтініш иелеріне жауабы берілуде.

Сараптама орталығы қызметкерлері арасында сы-байлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды уақытылы анықтау және жолын кесу үшін мамандар арасында құқықтық семинаралар, кеңестер жүргізіліп тұрады. Мекемеде жеке және заңды тұлғалар үшін мамандардың заңсыз

әрекеттеріне шағымдар жа-сау үшін арнайы жәшік ор-натылып, сенім телефондары көрсетілген.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі уықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып күресуіміз қажет!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз осы әлеуметтік дертке бірге батыл қарсы тұруымыз қажет. Менің түбегейлі ұстанымым: мемле-кет сыбайлас жемқорлықпен оны түп-тамырымен жойғанға дейін күресуі қажет», – деп атап өткен болатын.

Сондықтан да қоғам дертіне айналған бұл індеттің алдын алу баршамамыздың – ортақ міндетіміз.

**А.И.ҚОСЫМОВА,**  
**ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық**  
**сараптама орталығының»**  
**Қызылорда облысы**  
**бойынша**  
**Қазалы аудандық**  
**бөлімше**  
**бойынша зертхана**  
**меңгерушісі**

#### Бірлік ауылдық округі әкімінің жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

| Аты-жөні, тегі                   | Лауазымы                       | Қабылдау күні мен уақыты                                                                                                                                                                   | Қабылдау орны                                                              | Мекен –жайы                                            | Байланыс телефоны |
|----------------------------------|--------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|-------------------|
| Өтеп-Өлі<br>Өміртай<br>Жалғасұлы | Бірлік ауылдық округінің әкімі | Дүйсенбі күні:<br>Сағат<br>09-00 ден 13-00 ге дейін;<br>Сәрсенбі күні:<br>сағат 15-00 ден 19-00 ге дейін;<br>Жұма күні:<br>сағат<br>09-00 ден 13-00 ге дейін,<br>15-00 ден 19-00 ге дейін; | «Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Қазалы ауданы, Бірлік ауылы, Тәуелсіздік көшесі 13 «А» | 25-3-14           |

**«Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 25-3-14 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтындығын хабарлайды.**

#### «Қазалы ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

| Аты-жөні                               | Лауазымы                    | Қабылдау күні мен уақыты                                                                                                                                  | Мекен-жайы                                                    | Байланыс телефоны |
|----------------------------------------|-----------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|-------------------|
| Бабанаев<br>Совет<br>Кеңесұлы          | Бөлім басшысы               | Күнделікті жергілікті уақыт бойынша сағат<br>9.00-19.00 ге дейін<br>Түскі үзіліс уақыты сағат<br>13.00-15.00 ге дейін<br>Демалыс күндері; сенбі, жексенбі | Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі №7, 2 қабат, №1 бөлме | 8 (72438) 26-0-19 |
| Нагашыбаев<br>Муратбек<br>Тунгышбаевич | Бөлім басшысының орынбасары | Күнделікті жергілікті уақыт бойынша сағат<br>9.00-19.00 ге дейін<br>Түскі үзіліс уақыты сағат<br>13.00-15.00 ге дейін<br>Демалыс күндері; сенбі, жексенбі | Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі №7, 2 қабат, №2 бөлме | 8 (72438) 26-0-14 |

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР**  
**Нұрбол ӘЛІММБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР**  
**Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

**Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.**  
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.  
**Редакция мен баспахананың мекен-жайы:** 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.  
**Телефондар:** директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.  
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.  
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.  
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.